

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Ювенильді особьтар:

- A) Басқа бір өсімдік денесіне бекіп тіршілік ететін өсімдіктер
- B) Қысқа, көктемде даму кезеңі бар біржылдық өсімдіктер
- C) Шөл өсімдіктері
- D) Вегетация кезеңі қысқа болатын көп жылдық өсімдіктер
- E) Өсімдіктер популяциясындағы жас особьтар

2. Дәрілік өсімдіктерге қатысты күнтізбе деген ұғым:

- A) Өсімдік тұқымынан өніп шығып қурағанша тіршілік күйлерден өтуінің көрсеткіші
- B) Өсімдіктердің әр күн сайын өсуінің көрсеткіші
- C) Өсімдіктердің қай түрлерін қай мезгілде жинауға болатындығын көрсететін кесте
- D) Өсімдіктерге фенологиялық бақылау жасау көрсеткіші
- E) Өсімдік онтогенездік дамуындағы ерекшеліктерін көрсету

3. Суда еритін витаминдер:

- A) E, H
- B) F, E
- C) B, C
- D) D, E
- E) A, PP

4. Жер бетіндегі барлық құбылыстардың бір-бірімен тығыз байланыста екенін ашқан ғалым:

- A) Комаров
- B) Докучаев
- C) Тимирязев
- D) Вавилов
- E) Лысенко

5. Кеуіп қалмайтын майлар:

- A) Зәйтүн майы
- B) Жүгері майы
- C) Күнбағыс майы
- D) Какао майы
- E) Мақта майы

6. Дәрілік өсімдіктерді дұрыс кептіргендегі сақталу мерзімі:

- A) 2 жыл
- B) 7 жыл
- C) 10 жыл
- D) 1 жыл
- E) 5-6 ай

7. Құрамында каучук бар өсімдік:

- A) Раушан
- B) Таусағыз
- C) Бадан
- D) Көксағыз
- E) Таран

8. Флора:

- A) Белгілі ауданда немесе табиғи зонада мекендейтін өсімдіктер мен жануарлар жиынтығы
- B) Биогеоценоз
- C) Бір түр особьтарының, түгел қауымының аудан немесе көлем бірлігіндегі органикалық заттардың мөлшері
- D) Белгілі бір жердегі өсімдіктердің барлық түрлері
- E) Биоморфа

9. Ареалы картаға түсірілген өсімдіктер түрлерінің саны:

- A) 196
- B) 263
- C) 1600
- D) 86
- E) 284

10. Қазақстанда баспадан шыққан бірінші «Ботаническое ресурсование» оқулығының авторы:

- A) В.Т. Михайлова
- B) Э.К. Кузьмин
- C) М.К. Кукенов
- D) Б.А. Быков
- E) Н.В. Павлов